Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 20 желтоқсандағы
№ 557 бұйрығына
3-қосымша

# Мектепке дейінгі ұйымдағы мектепалды топқа / мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сыныпқа арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (5 жастағы балалар)

Ескерту. Бұйрық 3-қосымшамен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 19.11.2014 № 479 (алғашқы жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқка енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 09.09.2022 № 394 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

| Рет№ | Ұйымдастырылған іс-әрекет*/ Балалардың іс-әрекеті | Аптадағы өткізу жиілігі | Аптадағы нормативтік жүктеме |
|---|---|---|---|
| 1 | Дене шынықтыру | | 3 сағат |
| | Дене шынықтыру** | күн сайын | |
| 2 | Сөйлеуді дамыту | | 2 сағат |
| | Көркем әдебиет | | 2 сағат |
| | Қарым-қатынас іс-әрекеті | күн сайын | |
| | Қазақ тілі | | 2 сағат |
| | Қазақ тілі*** | күн сайын | |
| 3 | Сауат ашу негіздері | | 3 сағат |
| | Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет | күн сайын | |
| 4 | Математика негіздері | | 3 сағат |
| | Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті | күн сайын | |
| 5 | Қоршаған ортамен таныстыру | | 2 сағат |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті | күн сайын | |
| 6 | Сурет салу | | 1 сағат |
| | Мүсіндеу | | |
| | Жапсыру | | |
| | Құрастыру | | |
| 7 | Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті | күн сайын | |
| | Музыка | | 2 сағат |
| | Музыка**** | күн сайын | |
| 8 | Барлығы | | 20 сағатЖүктеу |

Ескерту:

*Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметттік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

**Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

***Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

****Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыка тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа музыкалық іс-әрекетке уақыт бөлінеді.